

Жұмыс кезінде мектеп жасына дейінгі балаларда ұсақ моториканың қарқынды дамуы байқалады. Балалар барлық жұмыстарды ересектердің көмегінсіз, басынан бастап соңғы нәтижеге дейін өз бетінше жасағысы келеді, өйткені бала оның жетістікке жететініне көбірек сенеді.

Қағазбен жұмыс сияқты әмбебап техниканы балалармен жұмыс жасауда қолдану баланың жан-жақты дамуына оң әсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Бұл әдіс баланың білімі мен дағдыларын байытады, және қолдың ұсақ моторикасын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крупенчук О.И. Система работы по развитию мелкой моторики у детей с патологией / О.И. Крупенчук. – М.: Литера, 2014. – С.2187
2. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка / М.М. Кольцова. – М.: Просвещение, 2013. – С. 228.
3. Аксенова, М. Развитие тонких движений пальцев рук у детей с нарушением развития / М. Аксенова // Дошкольное воспитание. – 2015. – №8. – С. 62-65.
4. Прищепина, С. Мелкая моторика в психофизическом развитии дошкольников / С. Прищепина // Дошкольное воспитание. – 2015. – № 1. – С. 60-63.
5. Соколова Е.В. Готовимся к школе. Развиваем моторику руки. 5-7 лет / Е.В. Соколова, Н.Н. Нянкoвская. – М.: Академия развития, 2019. – С. 32.

УДК 376.33

Г.О. Нагиева¹, Г.К. Алишынбекова².

¹ 7М01901 – Дефектология мамандығы бойынша 1 курс магистранты, akuped_01@inbox.ru

² Ғылыми жетекшісі, б.ғ. к., қауымдастырылған профессор, gulnaz_gak@mail.ru

КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТТАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТІП-СӨЙЛЕУІН ОҢАЛТУ

Аңдатпа

Бұл мақалада естімейтін балалар мен ересектердің есту қабілетін қалпына келтірудің тиімді әдісі – кохлеарлы имплантация туралы жазылған.

Естіп-сөйлеу тәсілінің мақсаты – естімейтін баланың қоршаған дыбыстарды және сөйлеуді еркін естіп қабылдауы. Естіп-сөйлеу тәсілінің негізі – тіл мен сөйлеуді баланың есту қабылдауын дамыту арқылы үйренуі. Бұл тәсіл баланы қоршаған ортадағы дыбыстарды қабылдауға үйретуге негізделген, бұл сөйлеу мен тілдің табиғи дамуына әкеледі, ал естіп сөйлеу тәжірибесі баланың сөйлеу тілі арқылы өзара әрекеттесуін және естіп-сөйлейтін ортаны құруды талап етеді.

Түйінді сөздер: кохлеарлы имплантация, естіп-сөйлеу тәсілі, оңалту

Нагиева Г.О¹, Алишынбекова Г.К².

¹ магистрант 1 курс по специальности 7М01901 – Дефектология, akuped_01@inbox.ru

² Научный руководитель, к. б. н., ассоциированный профессор, gulnaz_gak@mail.ru

СЛУХОРЕЧЕВАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ У ДЕТЕЙ С КОХЛЕАРНОЙ ИМПЛАНТАЦИЕЙ

Аннотация

В этой статье рассказывается об эффективном способе восстановления слуха у неслышащих детей и взрослых - кохлеарной имплантации.

Цель слухоречевого подхода состоит в том, чтобы язык и речь изучались ребенком через развитие слухового восприятия. Данный подход базируется на том, чтобы научить ребенка воспринимать звуки окружающей среды, приводя к естественному развитию речи и языка, а слухоречевая практика требует, чтобы с ребенком взаимодействовали через разговорный язык и создавали слухоречевую окружающую среду.

Ключевые слова: кохлеарная имплантация, слухоречевой подход, реабилитация.

Nagieva G. O¹, Alshynbekova G.K².

¹ undergraduate 1st year in the specialty 7M01901 – Defectology
akuped_01@inbox.ru

² Scientific supervisor, PhD, Associate Professor
gulnaz_gak@mail.ru

AUDITORY-SPEECH REHABILITATION IN CHILDREN WITH COCHLEAR IMPLANTATION

Abstract

This article describes an effective way to restore hearing in deaf children and adults - cochlear implantation.


The purpose of the auditory-speech approach is that language and speech are studied by the child through the development of auditory perception. This approach is based on teaching the child to perceive the sounds of the environment, leading to the natural development of speech and language, and auditory-speech practice requires that the child interact through spoken language and create an auditory-speech environment.

Keywords: cochlear implantation, auditory-speech approach, rehabilitation.

Қазіргі таңда технологияның, медицинаның, ғылымның жетістіктері мен жаңа технологияларды қолдану естімейтін балаларға көмек берудің жаңа әдісін – көпканалды кохлеарлы имплантация әдісін жасауға мүмкіндік берді.

Кохлеарлы имплантация – бұл естімейтін адамдардың есту қабілетін жақсартуға бағытталған шаралар жүйесі.

Қазіргі кезде Қазақстанда естімейтін балалар мен ересектердің есту қабілетін қалпына келтірудің тиімді әдісі ретінде кохлеарлы имплантация жиі енгізілуде. Кохлеарлы имплантация хирургиялық ота. Естімейтін адамның ішкі құлағына (ұлуға) электрлік тітіркенуі арқылы есту жүйкесіне дыбыстарды қабылдауды қамтамасыз ететін электродтар енгізіледі. Сонымен бірге, кохлеарлы имплант 25-40 дБ дейін есту шегін қалпына келтіреді, яғни бүкіл жиілік диапазонында сөйлеуді қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. сурет 1.



Кохлеарлы имплантацияның маңызды кезеңі – кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға ерте түзету-педагогикалық көмек, оның ішінде есту және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірі бойынша, отадан кейінгі түзету-педагогикалық шаралардың ұзақтығы мен мазмұны:

- Баланың жасына
- Есту қабілетінің зақымдалған уақытына
- Баланың жеке ерекшеліктеріне
- Қосымша бұзылыстарына байланысты.

Кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға түзету-педагогикалық көмек мыналарды қамтиды:

- есту процессорының дұрыс жұмыс істеуі;
- қоршаған дыбыстар мен сөйлеуді қабылдауды дамыту;
- ауызша сөйлеуді қалыптастыру және дамыту;
- сөйлеу ортасының болуы;
- сурдопедагог және логопед мамандарының тұрақты сабақтары;
- ата-аналарға күнделікті қарым-қатынас жағдайларында баланың есту қабілеті мен сөйлеу қабілетін дамытуды үйрету.

Кохлеарлы имплантациядан кейінгі балалардың есту қабілеті неғұрлым тез дамыса, соғұрлым балалар ауызша сөйлеуді тез және оңай меңгереді.

Сондықтан, Қазақстанда және шетелде кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсетудің негізгі тәсілі – естіп сөйлеу тәсілі болып табылады.

Естіп-сөйлеу тәсілінің мақсаты – естімейтін баланың қоршаған дыбыстарды және сөйлеуді еркін естіп қабылдауы. Естіп-сөйлеу тәсілінің негізі – тіл мен сөйлеуді баланың есту қабылдауын дамыту арқылы үйренуі. Бұл тәсіл баланы қоршаған ортадағы дыбыстарды қабылдауға үйретуге негізделген, бұл сөйлеу мен тілдің табиғи дамуына әкеледі, ал естіп сөйлеу тәжірибесі баланың сөйлеу тілі арқылы өзара әрекеттесуін және естіп-сөйлейтін ортаны құруды талап етеді.

Естіп сөйлеу тәсілінің негізгі ұстанымдары:

1. Кохлеарлы импланттан кейінгі ерте естімей қалған балаларға арналған естіп-сөйлеуді оңалтудың 4 кезеңі туралы ұстаным

2. Кохлеарлы имплантты қолданудың бастапқы кезеңінде түзету жұмыстарының негізгі бағыты есту қабылдауын дамыту ұстанымы

3. Баланың есту қабылдауын дамыту барысында мақсатты оқыту мен өздігінен оқытудың өзара байланысын қамтамасыз ету, өз тілін және басқа адамдардың сөзін түсіну ұстанымы

4. Баланың өз тілін және басқа адамдардың сөзін түсінумен қатар есту қабылдауын дамыту барысында ата-ана және отбасы жетекші рөл атқарады.

1 кезең - «есту және естіп-сөйлеу қабылауын дамытудың бастапқы кезеңі»

Кезең міндеттері:

- Балаға барлық сөйлеу дыбыстарын кемінде 4м (> 6м) қашықтықта қабылдауға мүмкіндік беретін кохлеарлы имплант процессорының параметрлеріне қол жеткізу;

- Баланың қоршаған дыбыстарға, адамның дауысына, дыбыстармен әрекетке деген қызығушылығын ояту;

- Дауыс белсенділігін ынталандыру, дыбыстарды және сөздерді еліктеп, өз бетінше айту;

- Күнделікті жағдайларда ата-аналарға баланың есту қабілеті мен сөйлеу тілін дамытуды үйрету.

Бұл кезең қалыпты есту қабілеті бар балалардың 6 айға дейінгі даму кезеңіне сәйкес келеді

2 кезең – «есту және естіп-сөйлеу қабылауын дамытудың негізгі кезеңі»

- Әр түрлі жағдайларда әр түрлі дыбыстарды, оның ішінде тыныш дыбыстарды, шуылдағы дыбыстарды анықтау;

- Әр түрлі дыбыстардың, оның ішінде акустикалық жағынан ұқсас дыбыстардың арасындағы айырмашылықтарды есту;

- Дыбыстардың әр түрлі сипаттарын ажырату (тыныш / қатты, бір / көп, ұзын /қысқа);

- Дауысты және дауыссыз дыбыстарды жабық және ашық тандаумен тану;

- Таныс адамдардың дауыстарын, интонациясын тану;

- Дыбыстарды белгілі бір заттармен және оларды тудыратын әрекеттермен байланыстыру, сөздерді заттармен байланыстыру / олардың қасиеттері / әрекеттері / олар белгілейтін ұғымдар.

3 кезең – «сөйлеуді қабылдау мен өзіндік сөйлеуді дамытудың тілдік кезеңі»

Кезең міндеттері:

1. Есту-сөйлеу жадын дамыту;

2. Белсенді және белсенді емес сөздік қорын жинақтау;

3. Грамматикалық ұғымдарды дамыту;

4. Естіп-көру және есту арқылы ауызша сөйлеуді түсінуді дамыту (сөздік қорын жинақтау және грамматикалық ұғымдарды дамыту негізінде);

5. Диалогтық сөйлеуді дамыту;

6. Байланыстырып сөйлеуді дамыту;

7. Есту бақылауы негізінде сөйлеу дағдыларын, дауысты бақылау, сөйлеу тынысын дамыту;

9. Оқу дағдыларын дамыту (3жастан кейін имплантацияланған балаларға арналған).

4 кезең – «күрделі мәтіндерді және ауызша сөйлеу тілін түсінуді дамыту кезеңі»

- Оқылған күрделі мәтінді түсіну;

- Оқығандарын қайталай білу;

- Әртүрлі оқиғалар мен құбылыстар туралы байланыстырып айтып беру;

- Сөйлеу арқылы әр түрлі адамдармен сөйлесе білу.

2 жасқа дейін кохлеарлы имплант жасалған балаларда сөйлеу дағдылары былдырлау және бастапқы сөйлеудің (алғашқы сөздер, алғашқы екі буынды тіркестер) табиғи кезеңдері тезірек өтеді. Кохлеарлы имплантацияға дейін ерте есту аппараттарын таққан және анасы мен сурдопедагогтың дұрыс жұмысының арқасында қалдық естуді қолдануды, сөйлеушінің артикуляциясын бақылауды, есту – көру негізде жеке сөздер мен сөз тіркестерін түсінуді және кем дегенде бірнеше сөздерді айтып, қолдануды үйренген бала, кохлеарлы имплантациядан кейін еститін құрдастарының сөйлеу деңгейін қуып жетеді.

Сөйлеу процессорын қосып, реттеп болғаннан кейін, балалар сөйлеп айтылмайтын және сөйлеп айтылатын дыбыстарға шартты рефлекторлық реакцияны 4-6 м дейінгі қашықтықта орындауға үйренеді. Естімейтін бала кохлеарлы импланттан кейін кенеттен және бірден әр түрлі дыбыстарды ести бастайды, бірақ алғашқы кезде оның мағынасын түсінбей, шу ретінде қабылдайды. Бала жеке дыбыстар мен сөздердің дыбысын заттармен немесе іс-әрекеттермен байланыстыруды тез үйрене алады, бірақ ол сөйлеуді түсіне алмайды, өйткені оның есінде сөздердің мағынасы, оларды өзгерту ережелері мен сөйлемдерді үйлестіру ережелері туралы ақпарат аз.

Баланың дыбыстарға реакциясы болмағанымен оның дауыстық белсенділігі күрт өседі. Бұл көбінесе баланың ести бастағанын білдіреді – ол әдеттегі жаңа туған нәресте сияқты өзін ести бастайды және өзінің даусымен ойнай бастайды.

КИ кейін балада өздігінен есту дағдылары дамиды, содан кейін сөйлеу мен өзіндік сөйлеуді түсінеді. Сөйлеудің өздігінен дамуы деп біз балаға мақсатты түрде кейбір сөздерді немесе грамматикалық ережелерді үйретпейтін жағдайды айтамыз, бірақ ол оларды басқалардың сөйлеуін тыңдай отырып, өзі меңгереді. Сурдопедагог мамандар естімейтін баланың белгілі бір дыбысты немесе сөзді есте сақтауы үшін қанша уақыт жұмсау керектігін жақсы біледі, бірақ басты қиындық – олардың нақты сол дыбыстарды ести алатындығында, яғни есту қабілетін дамытуда.

Баламен аптасына бірнеше рет 20-40 минут бойы оқитын ең талантты сурдопедагогтың өзі де ата-аналарының қатысуынсыз баланы әдеттегідей еститін бала сияқты сөйлеуге және түсінуге үйрете алмайды. Алайда, біздің тәжірибеміз көрсеткендей, көптеген мұғалімдер мұны сезінбейді. Ата-аналар алдында сабақ беруге талпынбайды, әрекет жасамайды, сонымен қатар олардың сабаққа қатысуына да мүмкіндік бермейді, ал егер сабаққа қатысқан болса, үй тапсырмаларын жай қайталауға үйретеді. Бірлескен іс-шаралар ұйымдастырмайды.

Сурдопедагогтың негізгі міндеті – ата-аналарға баланың сөйлеу туралы түсінігін дамытуға және сөйлеу үшін сөйлеуді мақсатты іс-әрекет кезінде ғана емес, кәдімгі нәрселерді жасау кезінде қолдануға үйрету және баланың өмірін үздіксіз сабаққа айналдырмау. Ата-аналарға баланың сөйлеу қабілетін дамыту үшін кез-келген күнделікті жағдайды қолдануға болатындығын түсінуге үйрету қажет.

Ата-аналарға балада әртүрлі дағдыларды, оның ішінде есту мен сөйлеуді дамыту мақсатты іс-шаралар кезінде ғана емес, сонымен бірге әр минут сайын олар бірге бір нәрсе жасаған кезде немесе ата-ана басшылығымен, көмегімен бала өздігінен бір нәрсе жасайтындығын түсіндіру өте маңызды.

Ата-аналарға сабақ кезінде және күнделікті өмірде баланың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін көбірек ұстануды үйрету керек. Кейбір зерек балалар тезірек үйренеді, ал кейбіреулері баяу. Бала біз шырын сығып алатын лимон емес, біздің сүйікті баламыз. Сондықтан сурдопедагог ата-аналарға нәрестеден не талап етуге болатындығын және оның дамуының кез-келген кезеңінде оған қиын нәрсені анықтауға көмектесуі керек.

Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, біз ата-аналарды баланы оқыту үдерісіне қаншалықты тарта алдық және оларды қалай жасау керектігін үйрету, кохлеарлы имплантацияның нәтижелеріне шешуші әсер етеді.

Сонымен қорыта айтқанда кохлеарлы импланттан кейінгі балаларға қалыпты сөйлейтін орта керек. Неғұрлым КИ балаларда ерте оңалту, түзету жұмыстары жүргізілсе, соғұрлым бала инклюзивті сыныптарға бара алады. Ал біздің басты мақсатымыз – мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалар ортасына қосу, біріктіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. И.В. Королева. Развитие слухоречевого восприятия у глухих школьников и взрослых после кохлеарной имплантации.
2. И.В. Королева. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации.

3. И.В. Королева. Отбор кандидатов на кохлеарную имплантацию: Сурдопедагогическое обследование и оценка перспективности использования кохлеарного импланта.
4. И. В Королева "Методика развития слухового восприятия и речи у детей " издания КАРО 2020 г.
5. И.В Королева " Первые шаги в мир звуков и слов" издания КАРО 2020 г.
6. О.В. Зонтова. Пакет дидактических материалов по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом.
7. И.В Королева [<https://lornii.ru/lechenie-i-diagnostika/narusheniya-slukha/reabilitatsiya-posle-kokhlearnoy-implantatsii/materialy-dlya-zanyatiy/>]

УДК 376.1-058.264

Л.А. Бутабаева¹, А.Е. Абдрахман²

¹ ғылыми жетекшісі, PhD, аға оқытушы, butabaeva_laura@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 7М01902 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты, ainura.abdrakhmanova@bk.ru
Қазақстан, Алматы қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ДИЗОРФОГРАФИЯНЫ АНЫҚТАУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларының дизорфографиясын анықтау мақсатында әдебиеттерді талдау барысы педагогикада стандартталған әдістерді әзірлеу мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбейтінін көрсетеді. Педагогикада қолданылатын дәстүрлі диагностикалық әдістердің басым көпшілігінде экспериментшінің субъективті бағалауы және қызығушылық параметрлерін зерттеудің объективті әдістері жоқ, сондықтан бұл алынған ақпаратты салыстыруды қиындатады. Сонымен қатар, стандартталған тапсырмаларды орындау үшін сараланған бағалау жоқ.

Бұл мақалада айтатын мәселеміз – бастауыш сынып оқушыларында дизорфографияны анықтаудың критерийлері мен әдістемелік тәсілдері.

Ключевые слова: дизорфография, орфография, критерий, педагогика, объектив.

Бутабаева Л.А.¹, Абдрахман А.Е.²

¹научный руководитель, PhD, старший преподаватель butabaeva_laura@mail.ru

²КазНПУ имени Абая, магистрант 2 курса по специальности 7М01902 – Дефектология
ainura.abdrakhmanova@bk.ru, Казахстан, г. Алматы

КРИТЕРИИ И МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ ДИЗОРФОГРАФИИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Анализ литературы с целью выявления дизорфографии младших школьников показывает, что проблеме разработки стандартизированных методов в педагогике уделяется недостаточно внимания. Подавляющее большинство традиционных диагностических методов, используемых в педагогике, не имеют субъективной оценки экспериментатора и объективных методов исследования интересующих параметров, что затрудняет сопоставление полученной информации. Кроме того, нет дифференцированной оценки для выполнения стандартизированных задач.

Проблема, о которой мы расскажем в этой статье, – Критерии и методические подходы к определению дизорфографии у младших школьников.

Ключевые слова: дизорфография, орфография, критерий, педагогика, объектив.